



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

остаётся неизменным девушка в белом, словно Жер-ана вместе со своим народом переживающая все трагедии и события происходящее с ним.

И совсем другой спектакль «Сон Маргариты», в котором восторжествует любовь, добро. Б. Аюханов здесь также использует язык постмодерна. Синтезируя классический балет с танцем модерн рассказывает историю, которая произошла во сне главной героини, добавляя сюда элементы сюрреалистического авангардного направления искусства.

Творчество Б. Аюханова и на сегодняшний день является актуальным и современным, хотя именно период самоидентичности казахского искусства происходит именно сейчас, Аюханов переосмысливает важные исторические события, поднимая вопрос о культурной памяти, наследии, смены мировоззрений, тоталитарного влияния, но при этом он продолжает развиваться создавая современный танец, модернизируя его он вносит огромный вклад в демократизацию нации без утраты своих корней.

Список использованных источников

1. Жиенкулова Ш. Тайна танца. – Алма-Ата: Онер, 1980. – С. 280.
2. Жумасеитова Г.Т. Проблемы развития хореографии современного Казахстана // Искусствознание: теория, история, практика. 2014, № 1(8). – С. 37.
3. Жумасеитова Г. Казахский балет в поисках национальной идентичности. // Искусствознание: теория, история, практика, № 3(4), 2012. – С. 50-54.
4. Аюханов Б. Мой балет. – Алматы: Онер, 1988. – 104 с.

УДК 13.91

ДӘСТҮРЛІ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ «ШИ АЯҚ» САЛТЫ

Касен Нұржайнат

erke-09@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Мәдениеттану» мамандығы магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Адаева Г.А.

Сонау үйсін, ғұн дәуірінен бері көршілік қарым-қатынас жасап келе жатқан Қытай елі туралы түсінігінде әр дәуірге сай «Табғач, Шүршіт, Шын-Машын, Қарақытай, Қытай» деген атаулармен ауызша да, жазбаша да орныққан жалпы халықтық түсініктер бар. Бұл түсініктердің әр жағында осы бір мәлім де беймәлім ел туралы тарихи таным жатыр. Мәселен, сонау «Күлтегін» ескерткішінде келетін «Табғаш халқына бек ұлдары күл болды, пәк қыздары күң болды» деген жолдар мен халық даналығында келетін «Ақырзаман болғанда жердің бетін қара қытай қаптайды», «көзі қысық, тісі қысық көршің болады», «орыс темір нөқта, қытай қайыс нөқта», «орысқа ойынды айтпа, қытайға қиялыңды айтпа» деген секілді қысқада болса, нұсқалы осы бір халықты танытатын ұғымдар бар. Бұл нақылдар елге елді танытуда пайдаланған бабаларымыздың ұрпағына аманаттап отырған көршілік қатынасты сақтауда абай болатын зілмауыр жүк арқалап отырған өзекті танымдар. Сан ғасырдан бері қытай елі туралы құбыланамалық рөл ойнағаны айдан анық.

Қытай – ежелден бері мәдени дәстүрлері үздіксіз жалғасып келе жатқан, тарихи тамыры тереңнен бастау алатын, адамзаттың ежелгі мәдени ошақтарының бірі ретінде көпке мәлім. Ежелгі қытайда алғаш рет қоғамдық ой-сананың ірі мектептері қалыптасып, Күнзы, Мо ди, Лаозы, Сүнзы, Мыңзы сияқты ірі ғұламалардың философиялық ілімдері дүниеге келіп, сол негізде бір тұтас қытай мәдениеті қалыптасты. Қытай ежелгі және орта ғасырлар кезінде өзімен көрші жатқан Түркі текті тайпалардың шабуылына жиі ұшырап отырған. Соған байланысты бұл елдің мәдени қалыптасу процесі солтүстік, оңтүстік деген екі үлкен аймаққа бөлінеді. Біртұтас қытай халқының тілі мен мәдениеті, тұрмыс салты мен шаруашылығы жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар екі аймақтың өзіндік сипатқа ие

тілдік, мәдениеттік өзгерістерге түскен. Біз бұл ерекшеліктерді дәстүрлі қытай мәдениетіндегі әйелдердің қоғамдық орнынан да көреміз.

Түркі текті көшпелі тайпалардың шабуылына жиі ұшыраған солтүстік қытайда әйелдердің қоғамдық орнының жоғары болғанын тарихи жазбалардан бақауға болады. Жартылай көшпенді қоғамнан шыққан солтүстік ақсүйектер тобының жауынгерлік дәстүрлері бойынша әйелдер еркектерге қарағанда анағұрлым көп құқыққа ие болды. 554 жылы туған Лян Ян Житуй Батыс Уиге, сосын ол жақтан Солтүстік Циге барғанда оның көзіне бірінші оңтүстік пен солтүстік отбасы өмірі арасындағы айырмашылық түседі. Лян Ян Житуй елдің екі бөлігіндегі ғұрыптардың бірқатар ерекшелігін хатқа түсірген. Алдымен Лян Ян Житуй солтүстіктегі әйелдердің дербестігіне назар аударады. Мұны ол сол кездегі солтүстікке жиі шабуыл жасап тұрған көшпелі тайпалардың әсерімен байланыстырады. Оңтүстікте әйел тұрмысқа шыға салысымен үйінен шықпай тіпті өз туыстарымен де сирек кездесетін болған. Тұрмысқа шығуды білдіретін қытайша (出嫁) сөзі де үйден кету мағынасын білдіреді, бұның өзі үйлену тойынан кейінгі әйелдің орны мен жағдайына деген қытайлардың дәстүрлі көзқарастарының дәлме-дәл көрінісін береді. Ал, солтүстікте әйелдер үйдің толық қожасы болумен ғана шектелмей, олар үнемі түрлі сапарларға шығатын, буддалық храмдарға баратын, тіпті өз ұлдарының кәсібінде ұйымдастарады. Күйеулерінің өздеріне деген әділетсіз қатынасы туралы билік орындарына да шағым айта алатын болған. Ян Житуйдің жазуы бойынша солтүстіктегі әйелдер қолөнер бұйымдарын жасауда және тігіншілік ісінде оңтүстіктегілермен салыстырғанда шебер болған [1].

Ежелгі қытай қоғамындағы әйелдердің ең басты игі ісі ерлерге бас июі. Яғни Конфуцийшілдік пікір бойынша жер бетінде бәрінің үстінен ер адамдар үстемдік етіп, әйелдер оларға бағынады. Сол себепті олар үш ережені ұстануы керек: қыз күнінде әкесі мен аға-інілеріне бойұсынуы, тұрмыс құрғанда жарына бойұсынуы, ал, жары қайтыс болса, үлкен ұлына бағынуы керек. Бұл көзқарастың орыныққаны соншалық өздерінің әйелдер бостандығының таңы ретінде санайтын Қытай Халық Республикасы құрылған күннен бері де кейбір өлкелер мен аудандар да әлі де сол түсінік яғни әйелдерге бала табатын «құрал» ретінде қарайды. Қазақтың «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» ұғымы жоқ десе де болады.

Ежелгі қытай ойшылы Лау Зының даналық трактаттарында да әйел мен еркекті ара қатынасын жаратылыстағы қарама-қайшылықтың негізі ретінде қарайды. Лау Зының «Қарама-қарсылықтар, парадокстар және бас қатыратын байламдар» атты даналығында:

-әйел рұқсат етеді, еркек мәжбүр етеді;

-әйел бағынады.

-барлық жаратылыс қарама-қайшылықтардан тұрады. Жаратылыстың негізгі қарама-қайшылықтары: Қосу-Ау, Инь-Янь, Әйел-Еркек. Осы негізгі терістіктер өзін-өзі тудырушылар болып табылады. Бұл бәрін тудыратын негізгі екі жыныста жатыр [2, 346].

Ежелгі дәуірде қалыптасқан әйелдер туралы дәстүрлі түсінікті Таң империясы кезінде де бұза алмады. Сол заманның ең атақты ақындары Ли Бай, Ду Фу, Бай Жуйлар әйел сұлулығын емірене жырлағанымен ол бәрі бір сарайлар да, айлы түнде арақ құйып беретін, қонағының көңілінен шығу үшін сыңсыта ән салып, бұрала биге басатын күтуші әйел образдары ғана болды.

Ян Жу елінің сұлуы

Көз тартады түрленген.

Кірпігі айды састырып,

Күлкісі аумақты кернеген


Қолында мәрмәр сазы бар

Азаннан тұрып сыңсыған...

«Азаннан тұрып сыңсу» бұл Қытай аңыздарында да, ертедегі көркем шығармаларында да жиі кездесетін әйелдің мүшкіл халін бейнелейтін тіркес.

Таң империясы кезеңінде әйелдер аяқтарын матамен қатты таңып кішірейтіп көрсету

сұлулықтың символы ретінде қалыптасты. Орда билеушілері кешкі уақыттарында өздерінің әйелдерін, күндерін билетіп көңіл көтереді. 969-975 жылдар аралығында оңтүстік таң патшалығын билеген Ли Үй патшаның тоқалы жібек матамен аяғын жаңа туған ай үлгісінде орап, қуыршақ секілді косметикамен боянып, алтын қауашақ үстінде билеп, патшаның көңілін көтерген. Бұл патшаға қатты ұнайды да, патша жарлық шығарады. Сол кезеңнен бастап Ши Аяқ дәстүрі халық арасына кең тарап, әйелдер сұлулығының ең жоғары көрсеткіші ретінде бағаланды. Тіпті, бойында бұндай сұлулығы жоқ қыздардың тұрмысқа шығуыда қиын болған. Сондықтан әрбір ата-ана қыздарының 5-6 жасынан бастап, башпайынан басқа аяқ саусақтарын бүктеп, табанға қарай майыстырып, табан мөлшері 8-10 см болғанша бинтпен қысып орап тастайтын болған. Әр апта сайын олардың аяқтары одан сайын тығыздалып байланып отырады және бұл үрдіс табанның доға формасына айналғанша жалғасады (суреттегідей)[3].



Ши аяқ дәстүрі кейбір деректерде Таң империясынан да бұрын қалыптасқандығы туралы айтылады. Кейбір деректе жыл санауымыздан бұрынғы 770-476 аралығында үстемдік жүргізген Жанго дәуірінде басталды десе, кейбір зерттеушілер одан әлде қайда бұрынғы Шанди дәуірінде басталды дейді. Неше мың жылдық ұзақ тарихи барысты бастан кешірген осы бір салт сан мыңдаған қытай әйелдерін балалық шағынан бұғаулап ұстаудың бір көрінісі болса керек.

Қыздардың бинттелген аяқтары үнемі аурумен болатын. Бұл туралы Қытайдың өткен ғасырдың басында өмір сүрген ұлы революционер демократы Сун Ятсеннің (Сұн Жұң Шан)

замандастарының сөзіне сүйенсек, оның жастық шағында аяғы матамен орап байланған қарындасының қиналғанын көріп өскен екен. Жас қыз түні бойы ұйықтай алмай, ыңырысып шығатын көрінеді. Қарт анасының өзі де қызының қиналғанына төзбейтін, бірақ, дәстүрден озбау керек, әрі бұл қыз өсіп бой жеткенде аяғы кішкентай болмағаны үшін бізді жазғырады деумен ғана шектелген көрінеді [4].

Қорыта айтқанда, неше мың жылдан артық уақытқа жалғасқан «Ши аяқ» салты өз кезегінде халық арасында «Сұлулық азап шегумен келеді», «Қатты таңылған аяқ, көз жасыңды көлдетер» секілді мақалдардың таралуына себеп болды. Өткен ғасырдың жартысына дейін өз үстемдігін жүргізген бұл салттан қытай әйелдерінің ерлердің сезімі мен құмарлығының ойыншығы ғана болғаны байқалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алдабек Н. Қытай тарихы (Ежелгі және орта ғасырлар кезеңі). – Үрімжі: «Шынжаң халық баспасы» -1996.
2. Лао Цзы. Лидердің даосы. Ауд. М.Кемел. – Астана: Аударма, 2003. – 80 бет.
3. 中国传统文化中的女性。 <http://wk.baidu.com/view/2adfe2f524ccbff021848?pcf=2&qrcode=1>
4. Мәсімхан Д. Қытай туралы қырық сөз. – Үрімжі: «Шынжаң халық баспасы» -2005.

УДК 13.91

ҚАЗАҚ КҮЙЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗ БЕЙНЕСІ

Манапова Еркежан

erke-09@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Мәдениеттану» мамандығы магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Адаева Г.А.

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы – домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, сүргіленіп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған немесе үй-ішінің біреуі домбырада күй шерпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған.

«Күй» сөзі түрік тілдерінің деректерінде XI ғасырдан бері белгілі. Махмуд Қашқаридің әйгілі еңбегі «Диван лұғат ит түрік» атты сөздеріндегі «көк» деген атау аспапты музыканы да, әнді де білдіреді. Осы күнгі татар тілінде де «күй» сөзі аспапты музыка мен вокалдық музыкаға ортақ қолданылады. XVI ғасырдан бермен қарай «күй» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие болды. Дәстүрлі аспаптық музыка және күйшілік өнер қазақтың халықтық музыка мәдениетінің қос қанаты іспеттес. Қаншама ғасырлар бойы атадан балаға жалғасып келе жатқан күйшілік өнер, әсіресе бүгінгі күнге дейін шашау шықпай бізге жеткен домбыра мен қобызда орындалатын күйлер – дүние жүзінде теңдесі жоқ асыл қазына, ерекше құбылыс. Әр дәуірде ғұмыр кешкен күйшілік өнердің тарлан жүйріктері мен жансыз дүниеге жан бітіріп, тілін бұлбұлша сайратқан дүлділдері қаншама, орындаушылық өнердің сан тарау мектептері қаншама. Домбыра мен қобызға арнап шығармалар жазған халық композиторлары, ұлттық дәстүрді әрі қарай дамытып, аспаптық музыка саласында айтулы еңбектеріментанылған Қазақстан композиторлары. Осыдан соң дәстүрлі күйшілік өнер мектептерін саралай келе, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Абыл, Ықылас, Қазанғап, Дина күйлерін атап айтуға болады[1].